Жауабы: Сүт құмыраға, лимонад бөтелкеге, квас банкаға, су стаканға құйылған.

Логикалық есептерді теңдеу құрып шығаруға да болады.

1. Айдананың ойлаған санынан ең үлкен бір таңбалы санды азайтып, нәтижеге ең кіші екі таңбалы санды қосқанда 100 шықты. Айдана қандай сан ойлады?
2. Шешуі: сан - x

Т/қ: (x-9) + 11 =100

x - 9 = 99

x = 108

203

**Теңдеуді шешу**

Есеп. Қазір ағасы қарындасынан 5 жас үлкен. 4 жылдан соң, олардың жастарының қосындысы 19 жас болады. Қазір қарындасы неше жаста, ағасы неше жаста?

Шешуі:

Белгілеу енгіземіз:

қарындасы – x

ағасы – x + 5

4 жылдан соң

қарындасы – x + 4

ағасы – x + 5 + 4

Т/қ: (x + 4) + (x + 5 + 4) = 19

x + 4 + x + 9 = 19

2x = 19 – 13

2x = 6

x = 3

Жауабы: Қарындасы – 3 жаста, ағасы – 8 жаста

Есеп: Елдостың тауықтары мен қозылары бар. Қозылар тауықтардан 3 есе кем. Қозылар мен тауықтардың барлығында 40 аяқ бар. Елдостың неше қозысы, неше тауығы бар?

Белгілеу енгіземіз:

Тауық – 3x

Қозы – x

Т/қ: 2·3x + 4x = 40

10x =40

x = 4

Жауабы: Қозы – 4, Тауық – 12

1. Қанаттан «сыныпта неше қыз бала бар?», - деп сұрағанда, ол «қыз балалардың санынан ең кіші екі таңбалы санды азайтып, нәтижеге 80 - ді қосса, 88 шығады» деп жауап берді. Сыныпта неше қыз бар?

Шешуі: қыздар саны - х

Т/қ: (х - 11) + 80= 88

х - 11 = 8

х = 19

Қыңырдың жасы

Есепке құмар бір кісі қыңырдан:

Жасың нешеде? - деп сұрапты. Сонда ол:

Менің 3 жылдан кейінгі жасымды үш еселеңіз, содан соң 3 жыл бұрынғы жасымды үш еселеңіз. Алғашқы көбейтіндіден соңғы нәтижені шегеріңіз. Сонда менің жасымды табасыз. Ол кісі нешеде?

*Жетесінде жоқ,*

*Жете сыйламайды.*

Шешуі: Қыңырдың қазіргі жасын -х десек, есеп шарты бойынша:

3(х+3) - 3(х-3) = 3х+9 - 3х + 9 =18

204



Тексеруі:
18+3=21;
18 – 3=15;
21 х 3 – 3 х 15 = 63 – 45 =18.
Жауабы: Қыңырдың жасы 18-де.

**Логикалық есептерді теңдеулер жүйесі арқылы да шешімін табуға болады**

1. Аулада тауықтар мен лақтар бар. Олардың 19 басы және 46 аяғы бар. Аулада неше тауық және лақ бар?

Белгісізге белгілеу енгіземіз:

Бастары: тауық – *х*, аяқтары – *2х*

лақ – *у*, *аяқтары – 4у*

Теңдеулер жүйесін құрамыз

$$\begin{cases} x+y=19 \\ 2x+4y=46 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x=19-y \\ 2(19-y)+4y=46 \end{cases}$$

38 – 2у + 4у =46

2у=46 – 38

2у=8

*у=4*

*х = 19 – 4 =15*

*х = 15*

Шешімдерін зерттеу:

тауық – 15

лақ – 4

бастарының саны: 15 + 4 *= 19*

аяқтарының саны: $2\cdot15+4\cdot4$ *=46*

ҚОРЫТЫНДЫ

Логикалық тапсырмалар қарапайымнан басталып, біртіндеп қиындап оқушылардың танымдық қызметін жақсартады. Логикалық есептерді шығаруда шығармашылықпен жұмыс істеу әрбір оқушыға тиімді дер едім. Ең бастысы шығармашылықпен жұмыс істеген адамның өзіне және өз ісіне деген сенімі, жауапкершілігі артады, іскерлік дағдысы қалыптасады.

Адамның ойлауы қандай формада жүзеге асырылса да, тілсіз мүмкін емес. Оқушыларға тапсырманы біртіндеп күрделендіре түссе, сонда логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса бастайды.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар мен жаттығулар орындатудың маңызы зор. Оқушының логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру, тіл үйрену үстінде дамиды. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау операцияларын жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Оқушылардың ойлауын дамыту ойлау операцияларын меңгеруіне байланысты. Ендеше, оқушыларға тапсырмалар бергенде таңдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар логикалық ойлауын дамытатындай болуы керек.

Математиканы оқып – үйрену, есеп шығаруды үйрену үшін ғана емес, кез – келген проблеманы шеше білуге, өз қабілетіңді жетілдіру үшін де қажет. Біз өз өмірімізді мәнді қылып, барлық жетістіктерге жету үшін табиғаттағы білімді пайдалана білуіміз керек [№3, 2003ж, Математика және физика].

Міне, соның ішінде адамды тез ойлай білуге, аңғарымпаздыққа, ой ұшқырлығына жетелейтін логикалық есептердің орны ерекше деуге болады.

# *МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР*



***Ержанова Айдана Бауыржанқызы***
***Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы***
***«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ***
***Математика пәні мұғалімі, II санат***

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасында және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық жоспарында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл үлкен жауапкершілік артатын үлкен мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, ол әрбір оқушының жеке басының қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, шығармашылығын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Ұлттық жоспарда Қазақстан мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері айқындалды. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды.

Ұлттық жоспарды орындаудың нәтижесінде 2017 жылға қарай қазақстандық мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мынадай жағдайлар жасалатын болады: ғылыми-зерттеу жағынан қамтамасыз ету, білім беру мазмұнын жаңарту, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және оған мониторинг жүйесінің жасалуы, материалдық-техникалық базаның жақсартылуы.

Ендеше, бүгінгі күні ұстаз алдындағы басты міндет – оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыру. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Негізгі құзыреттілік – бұл мемлекеттің орта мектепті бітіруші тұлғаның сапасына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру нәтижелері түрінде қоятын талаптары.

Олар:

–басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);

–ақпараттық (өз бетінше ақпарат көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау);

-коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау);

-әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);

-тұлғалық ( өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу);

-азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі);

-технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы).

Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс.

Математикалық сауаттылық деген ұғымға оқушылардың келесі қабілеттіліктері жатады:

қоршаған ортада пайда болатын және математика арқылы шешуге болатын
мәселелерді тани білу
бұл мәселелерді математика тілінде құрастыру;
бұл мәселелерді математикалық айғақтар мен әдістерді қолдана отырып шешу;
шешімдерде қолданылған әдістерді талдау;
қойылған мәселелерді есепке ала отырып нәтижелерді түсіндіру;

шешімдердің нәтижелерін құрастырып жазу.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрлым танымал халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтимақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programmer for international Student Assessment - PISA) болып табылады. PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігімен дағдыларына даму іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлға аралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды. PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдістері ретінде, сондай-ақ контексті факторлардың (басқару моделі, оқыту тілі, отбасының және әлеуметтік мәртебесі) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады.

Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2009 жылы Қазақстан алғаш Халықаралық оқушылардың білім жетістіктерінің сапасын бағалау жөніндегі қауымдастық өткізетін (IEA) PISA зерттеуіне қатысты. Нәтижелер мыналарды дәлелдейді: (математикалық сауаттылыққа қатысты) нақты бір жағдай үшін модельдермен тиімді жұмыс жасауға, әртүрлі тапсырмаларды дамыту мен кіріктіруге әзір қазақстандық оқушылардың үлесі – математикалық сауаттылықты зерттеуге қатысушылар санының 4,2% -ын құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш -16 % -қатысушы. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның білім беру жүйесінің сапасын әлемдегі басқа елдермен салыстыра сараптауға мүмкіндік берді. PISA зерттеулеріндегі тапсырмалар оқушылардың өзіндік тәжірибелеріне негізделіп өмірден алынған, жауабы нақтыланып белгіленбеген тапсырмалар. Тапсырмалардың пәннен тыс беймәлім формада берілуі оқушылар үшін ғана емес, мұғалімдердің өздері үшін де үлкен жаңалық.

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады.

Кез келген маманның атқаратын белгілі бір функциясы немесе қызметі болады, ол соның дұрыс атқарылуына жауап береді.

«Математика бойынша PISA құрылымы» құжатында (ЭЫДҰ, 2013) математикалық сауаттылық былай анықталаған:

«Математикалық сауаттылық – оқушының математиканы түрлі мәнмәтіндерде тұжырымдау, қолдану, талдап түсіндіру қабілеті. Ол, өз кезегінде, математикалық ойлау, құбылыстар сипатталатын, түсіндірілетін, алдын-ала болжап айтылатын математикалық ұғымдарды, процедураларды, білім мен құралдарды пайдалануды қамтиды. Бұл адамдарға математиканың әлемде қандай рөл атқаратынын мойындатуға, конструктивті, қызығушылығы мол және ойлай алатын азаматтарға қажетті саналы көзқарас қалыптастыруға және ой өзегінен өткізілген шешім қабылдауға көмектеседі».

PISA зерттеулеріндегі математикалық сауаттылық актуалды талдау , ойлау мен математикалық есептерді шешуге қажетті тест сұрақтарының негізінде бағаланады.

Оқушылар сандық және геометриялық есептер шығарулары керек және математикалық стратегиялар мен талдап түсіндірулердің көмегімен жағдайларды талдаулары тиіс.

PISA зерттеулері математикалық төрт аспектінің өзара байланысы бойынша іске асырылады:

1. «Кеңістік және форма» тарауы кеңістіктік және жазықтық геометриялық формалар мен қасиеттерге қатысты. Бұл тараудың басқа атауы – «геометрия». Бұл жерде формаларды түрлі көріністер мен өлшемдерде тану, олардың ұқсастықтар мен айырмашылықтарын анықтау, сонымен қатар нысандардың қасиетін түсіне білу тапсырмалары қарастырылған.

2.«Өзгерістер және қатынастар» саласы алгебрамен тығыз байланысты. Бұл салада әр түрлі үдерістердегі айнымалылар арасындағы тәуелділіктерді математикалық тұрғыдан сипаттауға берілген тапсырмалар қарастырылады. Бұл тарау теңдеу, теңсіздік, эквиваленттілік, бөлінгіштік сияқты ұғымдарды қамтиды. Қатынас математикалық мағынада түрлі тәсілдер: формулалар, графиктер, кестелер арқылы көрініс табады.

3. «Анықталмағандық және мәліметтер» тарауына ықтималдық пен статистикалық сипаттағы сұрақтар жатады.

Бұл тарауды сонымен қатар ықтималдықты есептеу және статистика деп атауға болады.

4. «Сан» тарауы сандық сәйкестіліктер мен заңдылықтарды қарастырады. Бұл

тарауға сандық түсініктер, аудан мен көлемді есептеп шығару, ауызша санау ұғымдары, жуық есептеулер мен математикалық операциялардың мәнін түсіну жатады. Бұл тарау арифметикамен тығыз байланысты болады.

Бұл математикалық тараулар түрлі мәнмәтіндерде (контекстте) беріледі:

адамның өз өміріне (жеке),

кәсіби қызметіне байланысты (кәсіби),

қоғаммен байланысты (көпшілік) есептер,

ғылымға бағытталып (ғылыми) берілетін есептер. Осылардың негізінде математиканың қазіргі өмірде атқаратын рөлі көрсетіледі. Математика бойынша PISA тест тапсырмаларын дұрыс орындау үшін оқушылар мына құзыреттіліктерге ие болуы тиіс: тұжырымдау, қолдану, талдап түсіндіру.

Тұжырымдау дегеніміз – математиканы қолдану мен пайдалану мүмкіндіктерін

анықтау. Бұл жерде есептерді шығару үдерісінде оны талдау үшін қандай математикалық аспектіні қолдану керек дегенді анықтап алу тиіс. Мысалы, мәнмәтінді қажетті математикалық модельге (ақырында шешілетін болуы тиіс) айналдыру.

Қолдану дегеніміз – математикалық білімді, ұғымды, құралдарды есеп шығаруда

пайдалана білу. Сондай-ақ, оқушы есептеулерді орындау, алгебралық амалдар мен

математикалық жағдайларды талдауда математикалық құралдарды пайдалану мүмкіндігін тудыру үшін жағдайларды немесе есептерді жеңілдендіру қызметтерін жасай білуі тиіс.

Талдап түсіндіру – математикалық шешімдердің таңдау, ұтымдылық, мақсатқа

сәйкестіліктері туралы ойлауды және нақты бір міндетке қатысты пайымдауды

қарастырады. Бұл құзыреттілік оқушыдан заңдылықтарды табу мен қорытынды жасау, алынған нәтижені негіздемелей және түсіндіре білуді талап етеді.

Бала кезінен бастап математикамен шұғылданған адам өзінің ой өрісі мен зеректігін дамытып, мақсатына жету үшін табанды болуға ерік-жігерін тәрбиелей алады. Сондықтан да мұғалімге де, дәрігерге де, артиске де, және суретшіге де және т.б. мамандықтар иелеріне математика қажет.

Математика пәнінің басты мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін арттыруда есептің атқаратын ролі зор. Себебі, есеп шығару – мидың «гимнастикасы». Математика сабағы басқа пәндердің сабақтарынан күрделі, оны түсіну үшін ерінбей еңбек етіп, төзімді болып, талмай оқу қажет. Ал бұл көп оқушының шамасы келе беретін қасиет емес.

Мұғалім оқушыларға олардың математикалық білімдерінің сабақтас оқу пәндеріндегі, практикадағы қолданбалылығын әрдайым көрсетіп отыруы керек. Мұғалім оқушыларды есептеуге жаттықтырғанмен, көптеген дербес жағдайларды негізінен жалпысын көру біліктілігін жаттықтырғаны керек. Мұғалім жаңа математикалық ұғымдарды енгізу барысында олардың өмірдегі, басқа пәндердегі қолдануын көрсетіп отыруы қажет. Оқушылар іс жүзінде кездесетін есептерді шеше білулері тиіс, ал мұғалім ол үшін осы заманғы ғылыми білімді математикаландыру жетістіктерін сабақта пайдаланып отыру керек. Себебі математикада оқытылатын теңдеулер, теңсіздіктер, олардың жүйелері, функциялар әртүрлі процестердің математикалық моделі болып табылатыны анық. Сонымен қатар модель жасауда әртүрлі математикалық объектілер: сандық таблицалар, әріпті формулалар, қатарлар, геометриялық фигуралар, әртүрлі схемалар, Венн диаграммалары, графтар және т.б. қолданылады.

# БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ



*Советова Гүлжанат Нұрланқызы*
*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы*
*«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*
*Биология пәні мұғалімі*

Білім беру жүйесі – бұл ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана – сезімнің даму көрсеткіші болып отыр. Ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістерді бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге осы түбегейлі өзгерістерге белсенді ықпал етеді. Оқу-білім беру – жеке адамның әлеуметтік – экономикалық процесстерге еркін қосылуын қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі. Бүгінгі таңда заман ағымына сай жас ұрпақтарды тәрбиелеуде ұстаздардың алдындағы жауапкершілік салмақтана түскендей.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Қазақстан Республикасы 12 жылдық жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандартында анықталатын түйінді құзыреттіліктер ретіндегі білім беру нәтижелеріне әрбір білім алушының қол жеткізуіне бағытталған проблемалардың шешімін табу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктер басты талаптары болып табылады. Құзыреттілік – оқушылардың іс -әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі. Олай болса, оқушының түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттай жұмыс істеу талап етіліп отыр. XXI ғасырдағы әлемдік білім беру жүйесін дамуда оқыту үрдісіне қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты оқытудың жаңа технологиялары қолданылуда.Оқу үрдісіндегі оқыту технологиялары дегеніміз қойылған мақсаттарға және күтілетін нәтижеге жету жолдарын қамтамасыз ететін оқу бағдарламаларында қамтылған білім мазмұнын меңгертудің жүйеленеген формалары, әдіс-тәсілдері.Олай болса, білім беруде қолданылатын оқыту технологиялары төмендегі негізгі талаптарға сәйкес болуы керек.

- оқу үрдісінде білім алушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу;
- оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, күтілетін нәтижелерге жетуге талаптандыру;
- жеке дамуға бағытталған әдіс – тәсілдерді қолдану;
- өз бетінше білім алуға, оны практикада қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған басты құзырлылықты қалыптастыруға ықпал ететін білім мазмұнын қамтамасыз ету;
- білім мазмұнын оқушыларды өз бетінше зерттеу мен жоба жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау.

Ол үшін биология пәнін оқытуда пайдаланатын жеті модуль жоғарыдағы негізгі талаптарға сәйкес

1.Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдер
2.Оқытуды басқару және көшбасшылық
3.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
4.Оқыту мен оқуда АКТ – ны пайдалану
5.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқыту мен оқу

6.Талантты және дарынды балаларды оқыту

7.Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

Биология пәнін оқытуда алға қойған міндеттер :

- Орта мерзімді және қысқа мерзімді сабақ жоспарларын жасау.
- Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, оқу дағдыларын қалыптастыру
- Жеті модульді үнемі пайдалана отырып сабақ өткізу
- Өз бетінше білім алу дағдыларына негіз салу
- Биологиялық білім деңгейлерін тереңдету
- Оқушының пәнге деген қызығушылығын дамыту
- Интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыру
- Ғылыми көзқараспен белсенділікті қалыптастыру
- Оқушының шығармашылық деңгейін дамыту
- Сабақта АКТ пайдалану, электронды оқулықпен, интерактивті тақтамен жұмыс жасау
- Қосымша материалдар мен жұмыс жасауға үйрету

Биология пәнін оқытуда қазіргі заман талаптары мынандай:

Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану;

Жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану;

Негізгі білімділік ұғымдарды терең меңгерту;

Оқытудың жаңа технологиясын пайдаланып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;

Топтық негізде іздене білу дағдыларын қалыптастыру;

Тақырыптық зерттеу жүргізу;

Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, өз ойын қорытуға дағдыландыру;

Оқушының өз бетімен жұмыс жасау қабілетін жетілдіру, дамыту;

Шығармашылық тапсырмалар орындату арқылы қабілеттерін арттыру.

Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру.

Тәжірибе жүзінде білім, біліктілік дағдыларын қалыптастыру;

Жаңа терминдер мен сөздіктермен жұмыс жасауға дағдыландыру;

Жаңа технологияларды сабақта пайдалану;

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай білім беру.

Тізбектелген сабақтар топтамасындағы сыни тұрғыдан ойлау модулі.

Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік.Сыни тұрғыдан ойлау тұлғаның өзіндік жеке ойлауы болып табылады. Оқыту процесі сыни тұрғыдан ойлауды дамыту қағидаларына негізделетін болса, әрбір оқушы өз ойымен пікірін және бағалауды басқалардан тәуелсіз құрады. Оқушының айтқан пікірі қойылған мәселе бойынша оң шешімін табуға сәйкес келмесе де «сенің пікірің дұрыс емес» деп сырттай баға беруге жол берілмейді. Оқушының жекелік (өзіндік) ой-пікірін білдіру сыни тұрғыдан ойлаудың алғашқы әрі маңызды сипаты болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мақсаттан басталады. Сыни тұрғыдан ойлаудың принципіне негізделген сабақ нақты мақсатқа негізделген мазмұнды әрекетке айналады да, нағыз өмір қиындықтарын шеше алатын болады. Сыни тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ой. Бұл деңгейдегі ойлау жоғары, орта, бастауыш сынып оқушыларына тиімді.Сабақ барысында диологтік оқытудың тиімділігіне тоқтала кетсем;

Диалогты оқыту дегеніміз-оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Диалог - білім беру мен білім алу барысында оқушылардың өзара білім алмасуын, оқушы мен мұғалім арасындағы байланыстың негізгі құралы. Диалогтық оқыту арқылы балалардың өзара дамуын қалыптастыру, Бразилиялық педагог Фриери айтқандай әр адам оқу процесіне сыни тұрғыда қатысып, адамдармен диалогтық әңгімелесуге қатысуға қабілетті екендігіне негізделген білім теориясын әзірледі. Фриери теориясының негізінде осы тәсілге жағымды энергияны енгізуге арналған «педагогиканың мүмкіндіктері» термині жатыр.

Педагог Фриери білім мынадай болуға тиіс деп санайды: Бірлескен, яғни оқушылардың топтық жұмыстарда ынтымақтастық арқылы өзара дамуын қалыптастыруды меңгерту мақсатында түрлі тапсырмалар орындады. Проблемалық тапсырмаларды шешуде диалог арқылы жұмыстар ұйымдастырылды.

Сабақтарымда ЖИГСО әдісін қолдану кезінде Диалогтік оқыту әдісі жақсы жүзеге асып отырды. Диалог барысында оқушылар күтілген нәтижеге жету үшін күш – жігерін жұмсады, ынталанды, ойларын бөлісті, пікірлеседі, білімді бірлесіп алды, өз білімін толықтырды. Пікір алмасу оқушылар арасында диалог жүргізу

арқылы жүзеге асып отырды.Диалогтік идея тәсіліне сәйкес, сауалнама мен топтық жұмыс оқушылардың оқуын жақсартуға қабілетті.

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады.
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды.
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады.
- оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі.
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді.
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі.
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді.

Оқушы мен мұғалім арасында диалогтың жүйелі қалыптасуына амал-тәсіл ойластыру

Оқушыларды сыни ойлауға,ақпарат пен идеяларды синтездеуге бағыттау

Талантты және дарынды оқушыларға білім берудің инклюзивті тәсілдерін қолдану.

Критерийлер арқылы бағалау формасы арқылы оқушылар қызығушылығын арттыру

Дамыта оқыту технологиясын көрнекті ғалымдар Л.С. Выготский, М.Я. Лернер, Л.В.Занков, В.В. Давыдов, Д.Б Эльконин толық зерттеп, дәлелдеген. В.В. Давыдов «Дамыта оқыту дегеніміз - ақыл - ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысы» - дейді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері:

1. Оқу мақсаттарының накты қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірге қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Осы компоненттерді шешуде оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде ғана болады. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын дәлелдей білуге үйретіліп, әр оқушыға өз ойын, өз пікірін айтуға мүмкіндік беріледі.

Оқушының құзыреттіліктерін қалыптастырудағы дамыта оқыту технологиясының қолданыс табуын төмендегідей көрсетуге болады.

I. Табыс ситуациясын тудыру кезеңінде оқушылар өз жетістіктеріне көз жеткізеді, яғни білетіндері сараланады. Осы кезеңде оқушылардың ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту көрініс береді.

II. Интеллектуалдық шиеленіс кезеңінде оқушылардың ізденіс зерттеу әрекеттерін ұйымдастыруда салыстырады, топтардың жауаптары тыңдалып, шешімдері тыңдалады. Осылайша сабақ мақсатын оқушылар өздері айтады. Бұл кезеңде оқушылар алдарына қойылған проблемаларды анықтап, топтың шешімі арқылы мақсат қояды. Яғни, проблеманы шешу құзыреттіліктері қалыптасады.

III. Оқу міндетін қою кезеңінде жеткіліксіз білімдерін өздері меңгереді. Оқулықтан тиісті ақпаратты тауып, қажеттісін сызба арқылы береді.

IV. Оқу міндетін шешу амалдарын іздестіруде практикалық жұмыстарды топ өздері орындайды, қиындықтарды анықтап, шешімін айтады.

V. Қорытынды рефлексия кезеңінде әр топ, әр оқушы өз түсінігіне талдау жасап, өмірде қолданылу аясын айтады. Келесі сабаққа міндет белгілейді.

Сол сияқты, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы қазіргі таңдағы талаптарға сай алатын орны ерекше. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясына бағытталған әдістер: өзбетінше тұжырым жасау қабілетін дамыту, пікірталас, білім, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сыни тұрғыдан ойлау - бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының қандайлық болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да обьективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор. М.М.Жанпейісованың Модульдік оқыту технологиясы бойынша «Қарлы кесек», «Брейн-ринг», «Саяхат» оқыта үйрету ойындарын оқу модулінің сөйлесу бөлімінде пайдаланамын. Оқыта үйрету ойындары оқушыларға білімдерін тереңдетуге, толықтыруға, бекітуге, алған білімдерін өмірде қолдана білуге, ақпарат көздерімен өздіктерінен жұмыс істеуге, ізденуге, әр түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға, қиындықтан алып шығатын жол таңдауға, өмірде өзін бағалай білуге үйретеді.

АКТ модулін пайдалану. Қазіргі кезде білім беру саласында оқытуда ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселердің

бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үдерісінде ақпараттық – технологияларды пайдалану болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны келешек ұрпақ жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, дамуына жол ашатын педагогикалық үрдіс. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. XXI ғасыр информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан - жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы компьютер болып табылады. Биология пәнін оқытудың тиімділігін арттырудың жолдары көп, соның бірі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды үнемі сабақта пайдалану. Жаңа ақпараттық – технологиялық құралдарды биология пәнін оқыту кезінде үнемі пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Пән мұғалімі ретінде оқушылар үшін биология сабақтарында үнемі АКТ пайдалана отырып, танымдылық жағынан қызықты, әрі жаңаша етіп өткізуге жұмыстанып отырамын.

Осылайша, әр түрлі педагогикалық технологияларды қолдана отырып құзіреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмаларды орындау арқылы сабақ кезеңдерінде оқушылар сабақтың мақсат, міндетін өздері анықтайды, проблеманы шешу жолын іздестіреді, жаңаны өздері табады, ақылдасады, кеңеседі. Аталған әрекеттері арқылы әр оқушының проблеманы шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Құзыреттілік қалыптастырудың міндеті әр сабақтың өмірлік жағдайлармен байланыстылығы. Бұл орайда құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалардың маңызы зор.Оқушылардың үлгерімі мен білім сапсының жоғары болуы ең алдымен мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мұғалім өз міндетін тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен оқушының оқу еңбегін танымдық оқу іс-әрекетін сауатты ұйымдастыру, басқару деп білуі тиіс. Сондықтан аталған педагогикалық технологиялар ойлау мен ұштастыра білім алуға бағытттайтын оқыту жолы.

# БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ



***Кемединова Ақтоты Бекболатқызы***
***Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы***
***«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ***
***Биология пәні мұғалімі***

Қазіргі уақытта заман талабына сай ғылым мен техниканың жетістіктерін білім беру саласында жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Жаңа заманғы білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді. Сондықтан қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын игермейінше, сауатты, жан-жақты, білімді маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда білім ұйымдарындағы пәндерді дербес компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады.

Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолданып сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялык эмоциональдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Ғалымдар биологияны — XXI ғасыр ғылымы деп танығандықта, ол жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек.

Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы биология бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды. Биология пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды қажет етеді. Оған биология кабинетінің жағдайы келе бермейді. Айталық, адам қаңқасы, микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, сутеттер т.б. тәжірибе жасайтын құралдардың болмауы.

Биология сабағында компьютерді пайдалану оқу үрдісінде мұғалімі мен оқушының оқудың жеке дара шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Биология сабағын өтуде өз пәніме деген оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып, қазіргі заман талабына қажетті білім алуға жағдай жасауға тырысамын.Оқушыларды сабақтан жалықтырып алмас үшін бүгінгі күндегі жаңа технология бойынша сабақ үлгілерін ойластырып, күнделікті жоспарға өзгерістер ендіріп, сайыс, дебат, XXI ғасыр көшбасшысы түрінде сабақтар өткіземін. Және сабақта оқытудың интерактивті әдістері мен СТО бағдарламасының кейбір

элементтерін көп қолданып жүрмін. Сонымен бірге биология сабақтарында оқушыларға мынадай талаптар қойылады:

-үйге берілген тапсырманы оқулық бойынша оқу; -оқыған материалды биологиялық тілде айтып шығу;

-тақырыпқа байланысты таблица жасау, тірек-сызбасын сызу, негізгі терминдерді жатқа айту;

-тақырыпқа сай өз пікірін айта білу, -қосымша ақпарат көздерінен алынған материалдармен тақырыпты толықтыра білу.

Осы талаптарды өз деңгейінде орындаған оқушыны қабілетті деп танып, ол оқушымен мынадай жеке жұмыстар жүргіземін. Қазіргі оқу үрдісінде дәстүрлі емес сабақтар, кештер, дидактикалық ойындар, әр түрлі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып жүр. Ұстаз қандай әдіс-тәсіл қолданса да мақсат біреу, ол оқушыға тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының есінде қалатындай етіп ұйымдастырып бекіту. Ұстаз оқушылардың пәнге қызығуын арттыру мақсатында өз тарапынан шығармашылық ізденістер жасап, әр түрлі дидактикалық кештер ұйымдастыруы керек.

Биология пәнінің дидактикалық ойын кештерінің мазмұны тіршіліктің құндылығын, биологиялық мәселелердің маңыздылығын жете түсінуге, оқушылардың өмірге деген көз қарастарын жан-жақты дамыту, оқытудың теориялық бағытын, практика жүзінде іске асыру, қоршаған ортамызды аялай білуге үйрету және оқушыларға өмір сүру заңдылықтарын терең сезініп, оны дұрыс қабылдауына мүмкіндік береді.

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа деген қызығуларының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе, дидактикалық ойындар оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпалын тигізеді. Дидактикалық ойындар оқушыларды биологиялық материалдарға қызықтыруымен қатар алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Өйткені, дидактикалық ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін ізденімпаздығын еңбекқорлығын жетілдіруге, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Ойын әрекетінің философиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан қарастырған К.Гросс, Г.Спенсер, И.Хейзинга, И.Кант, В.Демин т.б. ғалымдар ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын іс-әрекетінің әлеуметтік тұрғыдан маңызды жақтарын айқындап, оның бала қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған. Дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар арқылы теориялық білімді нақтылап, білім-білік дағдыларды қайталап және бекітуге арналған.

Қазіргі кезде ойын мәселесі бірқатар ауқымды зерттеулерде қомақты орын алып, оның баланы дамытудағы мәні анықталды. Оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы әлемдік ізгілік пен әдептілік негіздерімен тәрбиелеу қолға алынды. Бұл үшін әлемдік тәрбиенің озық үлгілерін, сыннан өткен тәрбие көздерін биологияны оқыту барсында тиімді қодану қажет. Осы бағытта:

1.Идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру; 2.Дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;

3.Отанымыздың мейлінше бай, көркемдікті бағалай ілуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу;

4.Балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта түсу;

5.Еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу керек.

Демек, биология сабақтарында дидактикалық, ойындарды оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге негіздеу қажет. Осыған орай биологияны дидактикалық ойындар арқылы меңгерту жұмыстарының мынандай мақсаттары болуы керек:

а) дидактикалық ойындарды тәлім-тәрбие көздерімен ұштастыруда биологиялық биологиялық жұмбақтарды, сауалғыларды, сөзөрімдерді сөзжұмбақтарды оқыту барысында ойындар арқылы кеңінен қолдану; ә) көркем шығармаларды дидактикалық ойын түрінде беру арқылы оқушылардың мәдениет пен әдебиетке дұрыс көзқарасын қалыптастыру; б) дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға шешендік сөздерді үйретіп, олардың биологиялық тілін қалыптастыру керек.

Ойынның маңызы туралы В.А.Сухломинский: «Ойын дегеніміз – орасан зор жарық терезе, осы терезе арқылы баланың рухани дүниесіне қоршаған дүние туралы түсініктерін, ұғымдардың ширақ тасқаны келіп құйылады. Ойын дегеніміз – бұл ынталық пен құмарлықтың отын жағатын ұшқын». Биологиялық кештерде, КТК (көңілдер, тапқыштар клубы), брейн-ринг өткізу барсында, сабақты бекіту кезеңінде, үй тапсырмасын сұрау кезеңінде, үйірме жұмыстарында биологиялық жұмбақтарды қолдануға толығымен болады.

Дидактикалық ойын кеші – эмоциональды өте қызықты өтетін тәрбие жұмыстардың бірі. Өткізілетін дидактикалық ойын кештері тек тыңдаушы, көрермендерді ғана емес қатысушылардың қызығушылығына үлкен әсер етеді.

# ФИЗИКА САБАҒЫНДА КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ БІЛІМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



***Тұяқова Әлия Шынтасқызы***
***Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы***
***«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ***
***Физика пәні мұғалімі, педагог-модератор***

Түйіндеме
Мақалада кейс технологиясының физика сабағында оқушылардың білім дағдысын қалыптастырудағы маңыздылығы айтылды. Кейс технологиясына анықтама беріліп, оны ұйымдастырудың критерийлері топтастырылды. Мұғалім мен оқушының позициясы, кейс технологияны қолданғаннан кейінгі нәтижелер талданды.Кейсті типтерге бөліп, жаратылыстану-математика бағытында жиі қолданатын проблемалық кейс таңдап алынды. 7- сыныптың «Физика» пәні бойынша « Үйкеліс күші» тақырыбына кейс беріліп, оны шешудің жолдары талқыланды.

Аннотация
В статье говорится о важности технологии кейс в формиравании навыков знания учеников на уроках физики. Дается определение кейс технологии, группируются критерии его организации. Позиция учителя и ученика, анализируются результаты после использования технологии кейс. Кейсы разделили на типы, был выбран наиболее используемый кейс в естественно-математическом направлении. Был дан кейс на тему «Сила трения» по предмету «Физика» 7-класс и обсудили пути его решения.

Resume
In the article, the importance of case-study technology in forming the students' knowledge skills in the physics lesson is told. The definition to the case-study technology is given, the criteria of its organization is grouped. The position of teacher and student, the results after using case-study technology are discussed. Cases were divided into groups, and most used problematic case was chosen in natural-mathematical direction. The case on theme "friction force", 7th grade "Physics" was given and the ways of its solving were discussed.

Кілт сөздер: кейс-технология, физика, білім, проблемалық оқыту

Оқушының білімді ғана емес, дағдыны қоса меңгеруі жаңартылған білім беру мазмұнының артықшылығын көрсетеді. Дәстүрлі сабақтардан гөрі оқытудың жаңа технологиялары сабақтың тиімділігін арттырады. Жаһандану заманында күн сайын оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері құрылып, алыс-жақын шетел мектептерінің тәжірибесімен танысатын мүмкіндік туып отыр. Физика пәнінің оқыту мақсатына қарай мұғалімдер тиімді деп санайтын интерактивті әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра алады. Білім беру үдерісінде оқушылардың білім дағдысын қалыптастыру үшін кейс технологияның салмақты орны бар. Өйткені қазір талдау, сыни ойлау, зерттеу дағдыларына қатысты талап бар.

Кейс-стади әдісі – бірнеше әдіс-тәсілдер мен технологиялар біріккен жинақ деуге болады. Кейс-технология – бұл білімді игеруге ғана емес, оқушылардың жаңа қасиеттері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған накты немесе ойдан шығарылған жағдайлар негізінде оқытуға арналған интерактивті пәннен тыс технология. Оның басты мақсаты –әртүрлі мәселелерді шешу және олардың шешімдерін табу, ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамыту. Сонымен қатар, дайын білім алуға емес, оларды дамытуға, мұғалім мен оқушының бірлесіп жұмыс жасауына баса назар аударылады. Ең бастысы, кейс негізгі білімді жоймайды, керісінше, оқу материалын жаңартуға көмектеседі. Кейс технологиясын сабаққа дайындау біршама уақытты қажет етеді. Өйткені мұғалім тақырыпқа, мақсатқа сай тиімді жолдарын таңдау, жеке, топтық жұмыстың тапсырмаларын құрастыру, әр оқушыға кері байланысты анықтау сияқты қадамдарды бір жүйеге келтіреді. Кейстердің бірнеше типтері бар: 1) проблемалық кейстер; 2) жобалық кейстер; 3) сипаттама кейстер; 4) жағдаяттық кейстер; 4) ашық кейстер; 5) интерактивті кейстер; 6) жүйелі кейстер. Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерде проблемалық, жағдаяттық, жобалық кейстер жиі қолданылады[1,10]

Кейс-әдіс режимінде жұмыс істеу топтық қызметті көздейді. Әдістің тікелей мақсаты – бірлескен күш-жігермен білім алушылардың әрқайсысы жағдайды-case талдайды және практикалық шешім шығарады. Нәтижесінде ұсынылған алгоритмдерді бағалау және қойылған проблема тұрғысынан ең жақсы шешімді таңдау бойынша іс-шаралар ұйымдастырылады. Оқу процесін белсендіретін кейс-технологиялар әдістеріне

мыналар жатады: 1. ситуациялық талдау әдісі (нақты жағдайларды талдау әдісі, ситуациялық есептер мен жаттығулар; кейс-сатылар); 2.инцидент әдісі; 3.ситуациялық-рөлдік ойындар әдісі; 4. іскерлік хат-хабарды талдау әдісі; 5. ойын жобалау; 6. пікірталас әдісі[2].

Оқушылардың кейспен жұмыс істеу технологиясы салыстырмалы түрде қарапайым және келесі кезеңдерді қамтиды:

- білім алушылардың материалдармен жеке және топтық жұмысы;
- мәселені шешу бойынша топтарда жұмыс істеу;
- жалпы пікірталаста топтардың нәтижелерін ұсыну және талдау[3,20].

Кейс технологияны сабақтың кез келген сатысында қолдануға болады. Мәселен, 7-сыныпта жаңа тақырып «Үйкеліс күшін» таныстыру үшін мынадай кейсті қолдануға болады. «Николаев темір жолы XIX ғасырдың ортасында салынды.Санкт-Петербург пен Мәскеу арасындағы теміржол қатынасын қамтамасыз ету үшін қолдануға берілді. Қозғалыс 1851 жылы ашылды.жолдың құрылысын 1842 жылы тағайындалған Петр Андреевич Клейнмихельдің байланыс жолдары мен қоғамдық ғимараттардың бас менеджері басқарды. Теміржолмен байланысты аңыздардың бірі: «1851 жылы 18 тамызда император Николай I Петербургтен Мәскеуге теміржол арқылы алғашқы сапар жасады. Жол құрылысының бастығы генерал Клейнмихель оқиғаның салтанаттылығын атап өту үшін теміржол төсемінің бірінші қабатын ақ майлы бояумен бояуды бұйырды. Бұл империялық пойыздың бірінші болып алыстағы рельстердің таза ақтығымен өтетінін атап өтті. Алайда Клейнмихель бір жағдайды ескермеді…»

Кейс сұрақтары: Петр Андреевич Клейнмихель қандай жағдайды ескермеді? Әрі қарайғы оқиғалар мен олардың салдары қандай болуы мүмкін? Осы салдарды жоюдың оңтайлы жолдарын ұсыныңыз. Жанасатын беттерді майлауды қайда және қашан қолдану керек?

Оқушылардың ықтимал жауаптары:

Осы әдіс-тәсілдердің нәтижесінде оқушылардың мынадай дағдылары қалыптасады[4]:

- Алған білімін өмірмен байланыстыру;
- Зерттеп оқу;
- Сыни ойлау;
- Пікірталас жүргізу қабілеті;
- Ақпаратты жинау, талдау және қорыту;
- Өзін-өзі талдау, бағалау;

Қорыта келгенде, кейс-әдіс туралы зерттеу, іздеу және проблемалық әдістердің жиынтығын қамтитын педагогикалық технология ретінде сенімді түрде айтуға болады. Кейс-технологиялар – мұғалімді, параграфты немесе мақаланы қайталау емес, мұғалімнің сұрағына жауап емес. Бұл алынған білім қабатын көтеруге және оларды іс жүзінде қолдануға мәжбүр ететін нақты жағдайды талдау.

# ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ САПАЛЫ САБАҚ КЕПІЛІ



*Кенжебаева Земфира Жандаулетовна*
*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы*
*«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*
*Информатика пәні мұғалімі, педагог-модератор*

«Тиімді әдіс-тәсілдерді информатика сабағында пайдалану сапалы сабақ кепілі» Мақсаты: Өз білімімді жоспарлы жан-жақты жетілдіре отырып, оқушы қабілетін дамыту, шығармашылығын ұштау, жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыру, пәнге деген қызығушылығын ояту болды ол мақсатты алу себебім , мен осы тақырыпта зерттей отырып іс – әрекет жасау негізінде жақсы нәтижеге жетемін, және сол нәтижеге өзімнің бұрыннан қолданатын әдіс-тәсілдеріммен қатар жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдаланып жақсы нәтижеге жету. Сабақ барысында оқушыларды сыни ойлауға, өз ойларын толық, нақты айтуға, балама шешім қабылдауға үйрету және ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, информатика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттерім: Өз бетінше тұжырым жасау, қорытынды жасай білу.

Топпен, жұппен, жекелеме қиын тапсырмаларды шеше білу.

Ұқсас құбылыстар арқылы арасында тиімдісін таңдай білу.

Пікір таласты жүргізе білуге қабілеті қалыптасады.

Ұстаз бола отырып, мен де өз тәжірибемде жетістіктерге жету жолдарын іздестірудемін. Оқушылар өз пікір-көзқарастарын еркін түрде білдірсе, тек білдіріп қана қоймай, сонымен қатар өз пікірлерін дәлелдей алатын және оны іс жүзінде іске асыра алатын жеке тұлға болып қалыптаса алса, сонда мұғалім мақсатының жүзеге асқаны деп білемін.

Оқытуда бірінші баланың өзін-өзі реттелуіне жағдай жасап, үйрету қажет. Оқушыны оқуда белсенді ету үшін оның нені білетіні мен не білмейтіндігіне көңіл бөлуіміз қажет. Оқушыға әртүрлі сұрақтар мен тапсырмалар беру барысында оларды орындауына уақыт бөліп, тыңдап, түсіністікпен қарап, бірін-бірі оқытуына мүмкіндік берген жөн. Сонда ғана оқытуда оқушылар өздеріне деген жауапкершілкті сезінеді, өзіне деген сенімі күшейіп, оқуға деген белсенділігі артады. Білім үдерісінің нәтижелі болуы оқушының өздігінен меңгеріп, өзі үшін оқу керектігін түсінуі болып табылады.

Мен өз сабақтарымда сыни тұрғысынан ойлау әдісінің кейбір элементтерін атап айтсам «Венн диаграммасы», «Білемін. Білдім. Білгім келеді», «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Миға шабуыл», «Ой толғау» және тағы да басқа әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Сыни тұрғыдан ойлау әдісі оқушының ойын дамытуға көп көмегін тигізеді. Оқудағы жаңа тәсілдер модулін топтық, жұптық жұмыстар арқылы жүзеге асырамын. Яғни, оқушылар арасында өзара диалог орнату арқылы білім беру деп түсінемін. Диалогтік оқыту білім сапасын арттыруға көп көмегін тигізеді. Диалогтік оқыту баланың білімін жетілдіруде көбірек қолданылады. Біз көбінесе диалогтік оқытуды сұрақ – жауап ретінде қолданамыз. Диалогтік оқыту тек қана информатика саласында емес барлық пәндер үшін тиімді оқыту түрі болып табылады. Әсіресе тіл дамыту кезінде немесе басқа тілді үйрену барысында көп көмегі тиеді. Өз пәніме қатысты айта кетер болсам, бізде көбінесе теориямен практиканы ұштастырып оқытамыз. Ы. Алтынсарин: «Балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Яғни бала теорияны меңгерумен қатар тәжірибе жүзінде де қалай жасау қажеттігін ұғынуы керек. Тәжірибелік жұмыс жасау барысында көптеген

сұрақтар туындайды. Оқушылар өзара пікірлері мен болжамдар айта отырып, бірлесе жұмыс жасайды. Бұл таңда «Жұптық әңгіме», «Әңгіме-дебат» сияқты әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді.

Сабақтарымда топтық жүйені жиі қолданамын. Жыл мезгілдеріне байланысты, компьютердің негізгі, қосымша құрылғылары болып, пернетақта пернешелерінің түрлеріне қатысты немесе алгоритм түрлеріне байланысты тағы да басқа тәсілдерді қолданып сабақтарымда сыныптағы оқушыларды 2 топ,3 топ.,4 топқа дейін бөлемін. Оқушылар топқа әр түрлі тренингтер арқылы бөлінген кезде ешқандай қарсылық білдірмей, бірден іске кірісіп кетіп жатады. Бір-біріне деген жанашырлықтары, өзара татулықтары, ұйымшылдықтары үнемі байқалып тұрды.

Сондай –ақ іс- тәжірибемде сабақ барысында кеңінен қолданатын тиімді әдіс- тәсілдердің бірі, ол «Миға шабуыл», «Семантикалық карта» сияқты тәсілдер уақыт үнемдеуге өте тиімді. Үй тапсырмасын тексеруде 4-5 минут уақыт жұмсауға болады.

Сабақ барысында жаңа технология элементтерін пайдалану барысында күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзыреттілігі қалыптасқан, өз ойын толық, нақты, мазмұнды жеткізе алатын, инабатты, білімді, жан-жақты ,өз елін сүйе білетін болашақ ұрпақты тәрбиелеу, қалыптастыру.

# ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ



*Альбеков Жаксат Ажгереевич*
*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы*
*«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*
*Дене шынықтыру пәні мұғалімі*

Мектепте дене тәрбиесі-пәнін оқытудың басты мақсаты оқушының дара қабілеттерін айқындауға, өздігінен жетілуіне ықпал етуге бағытталған оның тән мәдениетін қалыптастыру, жалпы дамытушы бағыттағы дене жаттығуларымен қаруландыру.

Дене тәрбиесі пәнін оқытудың басты міндеттері:

- ✓ дене жаттығуларымен шұғылданудың мәдени-тарихи, физиологиялық негіздері туралы оқушылардың білімдерін қалыптыстыру;
- ✓ саналы түрде қимыл-қозғалыстар орындауға, оларды дене мүшелеріне нақтылы ықпал ету жолдарына үйрету;
- ✓ таныс жаттығуларды күрделендіріп, жаңа жаттығуларды үйрету арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибесін жинақтап, қимыл әрекетін дамыту;
- ✓ дене жаттығуларын орындау біліктілігін арттыру арқылы дене бітімін қалыптастырып, қимыл-қозғалыс мәдениетін, қабілеттерін жетілдіру;
- ✓ дене жаттығуларымен өз беттерімен шұғылдануға жағдай жасап, ұйымдастырушылық біліктілігін қалыптастыру.

Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі педагогика, психология, социология, физиология, анатомия ғылымдарымен сабақтас жүргізіліп, жас ұрпаққа білім беру, оны тәрбиелеу, денсаулығын нығайтудың жолдарын жан-жақты қарастырады. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі гимнастика, жеңіл атлетика, шаңғы спорты, ұлттық ойындар мен ат спорты, спорттық педагогика, спорттық психология пәндері ортақ теориялық зандылықтарға сүйенеді. Осы пәндерден алынған нақты нәтижелер теорияға негіз болып табылады. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі пәнін оқытуда "Дене мәдениеті", "Дене тәрбиесі", "Спорт", "Дене қуатының қалпына келуі", "Дене қуатының тынығуы", "Дене қуаты дайындығы", "Дене қуатының жетілуі", "Дене қуаты білімі" ұғымдарына назар аударамыз.

Дене шынықтыру пәнінің көпқызметтік санаттары төмендегідей құрамды бөліктерден тұрады: қимыл-қозғалыс реакциясы; дене тәрбиесі; спорт.

Қимыл-қозғалыс рекреациясы - экологияның адам ағзасына жайсыз әсерінің алдын алу құралы ретіндегі әр түрлі физикалық жаттығулар және ол әсерлердің зардаптарын болдырмау, жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделу. Дене тәрбиесі: жалпы дамытушылық бағыттағы дене тәрбиесі әрекетін оқушылардың меңгеруі арқылы дене тәрбиесі мәдениетін қалыптастыру. Дене шынықтыру әрекеті әлеуметтік тәжірибеге негізделеді, оның құрамына білім, қимыл әрекеттері тәсілдері және қажеттіліктер енеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының дене тәрбиесі мәдениетін қалыптастыратын дайындықтың басым түрлері: теориялық (ғылыми түсініктер), дене тәрбиесі саласындағы зандылықтар туралы мәліметтер; практикалық (жеке дара қимыл-қозғалыстық қабілеттілік қалыптастыру); қимыл-қозғалыс әрекеттері тәсілдерінің қалыптасуы; қимыл-қозғалыс сапаларының дамуы.

Дене тәрбиесі пәнінің мазмұны негізгі мектептегі "Дене тәрбиесі" пәнінің мазмұны негізінде дамытылады. Дене тәрбиесі пәні дене тәрбиесі білім саласына енеді.

Дене тәрбиесі пәні базистік оқу жоспарында мектептің бастауыш сатысында міндетті түрде оқытылатын пән ретінде берілген. Дене тәрбиесі пәні бойынша оқу бағдарламаларының түрлері дене шынықтыру пәні білім берудің негізгі бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Дене тәрбиесі пәнінен білім беру бағдарламасының мазмұны мына бөлімдерді қамтиды:

1. Дене және спорт жаттығуларының негізгі түрлері.
2. Сауықтыру мен салауатты өмір сүру жолдары.
3. Дене бітімін дұрыс қалыптастыру, қимыл-қозғалыс қабілеттіліктерін жетілдіру.
4. Әлеуметтік, материалдық және арнаулы жағдайлар.

Қазіргі дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінің негізгі көздері:

оқушыларды Отан қорғау ісіне, еңбек етуге қабілетті, денсаулығы мықты оқушыларды тәрбиелеу.

Теориялық, әдістемелік жаңалықтар іс жүзіндегі тәжірибе жұмыстарымен тексеріледі.

Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесін байыту. Еліміздегі дене мәдениетінің орны және оны дамытуға байланысты "Қазақстан - 2030" даму стратегиясын жүзеге асыру шаралары. "Қазақстан Республикасы бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар

Дене мәдениеті-адамдардың дене қуатының жетілуі үшін пайдаланылатын қоғамдық - материалдық (спорт ғимараттары, құрал-жабдықтар) және рухани (арнаулы білім, ғылыми тәжірибе) байлығын құрайтын халықтың жалпы мәдениетінің бір саласы. Ол негізгі дене мәдениеті, спорт, сауықтыру, қолданбалы дене мәдениеті болып табылады.

Негізгі дене мәдениеті - адамдардың өз шама-шарқына қарай таңдап алған кәсіби және спорт мамандығын жетілдірудің негізі. Ол жалпы білім беретін мектептерде, оқу-тәрбие мекемелерінде қолданылады әрі егде кісілерге денсаулығын нығайтуға, жұмысқа ынтасын, төзімділігін арттыруға көмектеседі. Спорт адам психологиясының орнықтылығын, дене қуатының жетілуін қамтамасыз етеді. Спорт қимылының негізгі мақсаты - спорттың бір түрінен жоғары жетістіктерге жету, сол арқылы адамның қабілет-қарымын, ептілік касиеттерін қалыптастыру. Қолданбалы дене мәдениеті - кәсіптік және әскери дене мәдениеті деп екіге бөлінеді. Сауықтыру дене мәдениетіне - емдеу дене мәдениеті жатады. Оның мақсаты организмнің уақытша жоғалған функциялық мүмкіндіктерін қалпына келтіру. Гигиеналық дене мәдениеті - жаттығушылар организмдерінің жұмыс істеу қабілетін арттыруға қызмет етеді. Сабақ барысында, жұмыста (дене шынықтыру, өндірістік гимнастика) күнделікті демалыста (таңертеңгі бой жазу, серуендеу, саяхат т.б.) қолданылады.

Жалпы дене тәрбиесі жүйесі ғылыми-әдістемелік негізде құрылады. Оның барлық теориялық және практикалық ұсыныстары ғылыми түрде баяндалады. Дене тәрбиесі жүйесін қоғамдық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік-биологиялық ілімдер, гигиена, физиология, спорттық медицина т.б. зерттейді. Осылардың ішінде негізгі орынды дене тәрбиесі ілімі мен әдістеме пәні алады.

Дене қуаты дайындығына, әсіресе әскерде үлкен мән беріледі. Сарбаздың соғысқа қабілеттілігі - оның жылдам жүгіретініне, төтенше жағдайға бейімділігіне, әскери мамандықты тез меңгеруіне т.б. байланысты. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде, арнаулы орта білім беру орындарында жеткіншектерді әскер қатарына шақыруға дейін дайындаған жөн. Әскери мамандықты жақсы игеру үшін сол кезден бастап ептілікке, жылдамдыққа, шыдамдылыққа т.б. тәрбиелеу керек. Барлық дене тәрбиесі жаттығулары, сабақтары адам денсаулығын нығайтуға арналуы тиіс. Бұл сабақтардың нәтижесі олардың көлемі мен жаттығуды орындау қарқынына байланысты. Оқытушы өсіп келе жатқан организмнің биологиялық заңдылықтарын, адамның жас ерекшеліктері мен барлық мүмкіндіктерін білуі керек, педагогикалық тәсілдерді және дәрігерлік бақылауды жақсы меңгеруі қажет. Сонда ғана ол денсаулықты нығайту жолында жемісті жұмыс істей алады.

Жас ұрпақ денсаулығын нығайту бағытында ұйымдастырылатын спорттық, сауықтыру іс-шараларын үйірмелер арқылы жүргізіп, салауатты өмір салтын қалыптастыру керек.

Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету –мұғалімнің басты міндеті.

Әр мұғалім өз сабағының –көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттай білу ол шеберлігіне байланысты.

Бағдарлама үш деңгейден тұрады. Оқыту мен үйретудің тәсілі:

1. Қызығушылығын ояту-жаңа сабақты түсіндіру кезіндегі үйрену процесі. Бұл бұрынғы білетін білім мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады.

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқытуда оқушылар бұрынғыдай тек тыңдап және көшіріп қана қоймай, белсенді әрекеттер атқарады. Ол белсенді әрекеттерге ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікір таластыру жатады.

Сабақта оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруі, пікір алмасуы диалогпен жүзеге асты. Топтық әдісті қолданғанда оқушылардың бір- бірімен ақылдасуы, оны топтан біреуінің шығып айтуы, ал болжау әдісін қолданғанда оқушылардың мәтінде не туралы жазылуы мүмкін екендігі туралы өз ойларын да диалог арқылы көрсете білді.

2. Мағынаны тану – жаңа сабақты бекіту процесі. Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс жасайды, тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар олар идеяны жеткізіп қана қоймай, шешім табу үшін топқа сұрақ қояды және басқаларды сұраққа тартады. Әр топтан бір оқушы шығып ұжым алдында мәтін мазмұнын қысқаша баяндап береді.

3. Ой толғаныс – сабақты қорытындылау кезеңі. Осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда қалай қолдану керектігін үйренеді. Мысалы, бұл жерде балалар эссе жазады. Өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, түйгендерін анықтайды. Бұл модульдің нәтижесі көп. Атап айтар болсам, ой – пікірін ашық, еркін айту, бір-бірінің сабақ барысында қателіктерін айту, жақсы қасиеттерін үйрену, сабақ-білім естерінде көп уақытқа сақталады, сабақ барысында өзі талдайды, бір-біріне талап, өтініш, тілектерін білдіре алады.

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты.

Жаңа идеяларды еңгізу барысындағы орындалатын міндеттер:

1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру.
2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту.
3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.
4. Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
5. Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын, білімін арттыру.
6. Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.

Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.

Жұмысымның нәтижесі:

1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

# ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ



*Таженов Нурсултан Мураткалиевич*
*Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы*
*«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*
*Дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-модератор*

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі. Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады. Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін - өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

- оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;
- сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;
- демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында:

- оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге;
- дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге;
- дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге;
- -өзін-өзі реттеуін қалыптастыру;
- дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамытуға қол жеткізуге болады.

К. Байсейітова атындағы тірек мектебінде волейбол, баскетбол, футбол, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, спорт секциялары мен үйірмелері жұмыс істейді. Мен волейбол үйірмесін жүргіземін. Енді өзім жүргізетін волейбол үйірмесінің жұмысына толығырақ тоқталайын. Волейбол үйірмесіне оқушылар таңдау үшін әр оқу жылының аяғында 7, 8, 9 сынып оқушыларының қыздары арасында волейболдан жарыс өткіземін. Осы сайыстан соң волейбол үйірмесіне қатысатын қыздарды іріктеп аламын. Жаңа оқу жылының басында осы қыздар медициналық байқаудан өтеді. Медициналық байқаудың қорытындысы бойынша дене тәрбиесі пәніне қатысуға рұқсат алған оқушылар бірден жаттығуға кіріседі. Алғашқы сабағымда волейбол ойынының денсаулықты нығайтуға, дене бітімінің және мүсіндерінің әсем болып қалыптасуына зор ықпал ететіндігін оқушыларға ұғынықты тілмен түсіндіремін. Оқушыларға ойын барысында әуелі ми, содан кейін қол мен аяқ қозғалысқа келу керектігін жеткіземін. Бұдан шығатын қорытынды, адам денсаулығын сақтаудың негізгі бағыты салауатты өмір салтын ұстауда, соның ішінде дене шынықтырумен жүйелі айналысуда жатқандығын анық байқауға болатындығы. Сол себепті мектептегі оқушының денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты тұлғаның психологиялық және дене қимыл әрекетінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескеріп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға баулу және спортпен жүйелі түрде шұғылдануға дағдыландыру болып табылады. Ал спортпен шұғылдануды тек сабақ процесінде ғана жүзеге асырып қана қоймай, сыныптан тыс мезгілде де іске асыру дене тәрбиесі пәні мұғалімінің міндеті деп білемін.

# КҮЙ КИЕЛІ ӨНЕР



***Абубакирова Узилдик Жолановна***
***Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы***
***«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ***
***Музыка пәнінің мұғалімі, ІІ санатты***

Күй – қазақтың жаны. Күй қазақтың елдігін, көңілінің кеңдігін білдіреді. Қазағым патша көңіл, сері, дарқан Түйінін мықтап ұстап өмір-арқан, Өз үйі – өлең төсек жұмағында Күй тартып, өлең айтып, шер тарқатқан. Ұлытау ұлан төбе даласында, Сырдария атыраулы сағасында, Абызы аңыз күйдің Кет-Бұқа мен Ұмытпас дана Қорқыт бабасын да. Қазақтың жан түбінен келді күйі, Өмірді өрнектеген зерлі күйі. Қаратау қақ басында шерлі күйі,

Күй XIV ғасырда жеке музыкалық жанр болып қалыптасты. Күйлер мазмұны аңыз-ертегілерге, нақтылы тарихи оқиғаларға құрылып, көбіне бағдарламалы түрінде дамыды. Онда халықтың басынан өткен тауқымет мен әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірді аңсаған асыл арманы мен қуаныш сезімі терең толғаныспен өрнек-бояуын тапты. Күйдің мелодиялық-формалық құрылысы, ырғақтық-орындаушылық әдістері сан алуан. Мысалы, Құрманғазының күйлері жігерлі, екпінді, ал Дәулеткерейдің күйлері терең толғауға, романтикалық лирикаға негізделген, Тәттімбеттің күйлері әуейі әсем, тәтті мұң мен қоңыр сазға толы болса, Қазанғаптың күйлері құбылмалы, ойнақы, төкпе жыр іспетті болып келеді.

Халық арасында күй өнерінің саз-сарындары бойынша айырып тану үшін «төкпе күй» және «шертпе күй» деген атаулар қолданып жүр.

Қазақ күйлері өзінің құрылыс абылай тәсіліне, орындаушылық дәстүрін қағыс түріне қарай, негізінен, екі стильдік мектепке бөлінеді. Біріншісі - екпінді қарқынды, музыкалық бейнет жағынан бағдарламалы симфониялық сипатта шығарылатын күйлер (Жантөренің "Шалқымасы", Құрманғазының "Кішкентайы", "Сарыарқасы", Динаның "Бұлбұлы", т.б.), ал екіншісі - терең филос, ой-сырға толы, шертпе күйлер (Тәттімбеттің "Сарыжайлауы", "Көкейкесті" мен "Сылқылдат", Тоқаның "Қосбасары", Сүгірдің "Тоғыз тарауық т.б.). Күйдің идеялық-көркемдік диапазоны кең.

Халық күйшілері өздерінің шығармаларында адамдарды ("Құдаша", "Айжан қыз", т.б.), жануарларды ("Ақсақ құлан", "Боз айғыр", т.б.), құстарды ("Аққу", "Қоңыр қаз", т.б.), табиғат құбылыстарын ("Ақ боран", "Көбік шашқан", "Сары өзен", т.б.) суреттейді.

Бұдан басқа күйлер мазмұнына, характеріне қарай тарихи күйлер ("Ел айрылған", "Ноғайлының босқаны", т.б.), лирикалық күйлер ("Ақ желең", "Байжұма"), аңыз күйлер ("Нар идірген", "Қорқыт", т.б.), қаралы күйлер ("Салық өлген", "Бозінген", т.б.), арнау күйлер ("Абыл", "Дайрабай", "Ғазиз", т.б.) сияқты тақырыптарға бөлінеді. Күй өзінің музыкалық формасы жағынан әр түрлі. Қазақ күйлері ішінен 2-3 бөлімді, сирек болса да 3 бөлімді рондовариациялық синтет. формалардағы туындылар да кездеседі. Күй орындауда қағыс маңызды орын алады.

Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра **күй**лері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, сұрыпталып, сүргіленіп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ілулі тұрған немесе үй-ішінің біреуі домбырада **күй** шертпейтін отбасы қазақ арасында кемде-кем болған. Осы орайда халық арасында сұрақтар пайда болуы мүмкін. Осы домбыра, **күй** сөздері қайдан шыққан? Нені білдіреді? Ол қай кезден бар? Неге домбыра қазақ арасында соншама кең таралған? Осындай сұрақтарға жауап іздеп көрелік.Белгілі зерттеуші Хайролла Жүзбасовтың пікірінше домбыра сөзі «дөпбұра», «дәлбұра», «дембұра» деген сөздердің тізбегі арқалы жасалған. Бұл белгілі бір логикаға бағындырылған қызғылықты жорамал. Тағы бір болжамды этнограф Ерік Көкеев еңбектерінен табуға болады. Ғалымның пікірінше «том» деп түюлі жұдырық немесе қолдың саласы айтылыды. Кейіннен бұл түбір ұянданып « домға» айналған, «быра» тіркесі бір нәрсені шерту, тарту, дыбыс шығару деген мағына береді-мыс. Яғни домбыра сөзі «қолдың саласымен немесе бес

саусақпен шекті шерту» деген мағына береді.Кейбір деректерде «домбыра» сөзі арабтың « дунбаһи бурра» тіркесінен, яғни «қозы құйрық» деген сөзінен қалыптасқан деген долбар әңгіме бар. Бұлай дегенде шамасы домбыраның шанағының сүйірленіп барып, қозы құйыршықтанып бітетіндігін негізге алған болуы керек. «**Күй**» сөзі түрік тілдерінің деректерінде XI ғасырдан бері белгілі.Махмұд Қашқаридің әйгілі еңбегі «Дивани лұғат ит түрік» атты сөздігіндегі «көк» (қазақта **күй** болып айтылады) деген атау аспапты музыканы да , әнді де білдіреді. Осы күнгі татар тілінде де «**күй**» сөзі аспапты музыка мен вокалдық музыкаға ортақ қолданылады. XVI ғасырдан бермен қарай «**күй**» сөзі тек аспапты музыканы ғана білдіретін мағынаға ие болады.Халық арасында **күй** өнерінің саз-сарындары бойынша айырып тану үшін «төкпе **күй**» және «шертпе **күй**» деген атаулар қолданып жүр. Ақселеу Сейдімбектің айтуынша, «төкпе», «шертпе» сөздері жеке **күй**лердің табиғатына қатысты анықтауыш бола алар. Ал, тұтас бір **күй**шілік мектептің қасиет – болмысына анықтауыш бола алмайды. Себебі, тұтас бір өңір – аймақта қалыптасқан **күй**шілік мектептер былай тұрсын, бір ғана **күй**ші-композитор туындыларында шертіп тартылатын **күй** де, дауылдата төгіп тартылатын **күй** де кездеседі. Мәселен, бір ғана Тәттімбеттің «Саржайлау», «Былқылдақ», «Сылқылдақ» шертіп тартылса, «Бес төре» **күй**і жігерлі серпінмен тартылады. Оны былай қойғанда, жалқы тұрған бір ғана **күй**дің өн бойынында бірте шертіп қағуды, бірте серпе төгіп қағуды, енді бірде іліп қағуды қажет ететін сәттер бар. Мәселен, Әшімтайдың «Қоңыр қаз», Дайрабайдың «Дайрабай» сияқты **күй**лері сол бір ғана **күй**дің өн бойында бірісе шертіліп, біресе дауылдата төгіліп тартылады. Қазіргі кезеңде **күй**шілік өнер қанатын кең жая, қазақ деген ұлттың дәстүрлі мәдениетінде самғауда. Бодандық кезеңнен аман – есен өткен домбыра аспабы елімізде айырықша орын алуда. Қазақ Ұлттық Музыка академиясы, Құрманғазы атындағы Ұлтық консерваторияда, еліміз бойынша көптеген колледждерде қаншама болашақ домбырашы мамандар білім алуда. Оған жұмыс істеп жүрген осы оқу орындарының түлектерін қосайық. Әрине, қиынға соққан мәселелер де бар, бірақ өте келе адам түзеліп, адаммен заман да түзеліп бәрі орнына келеді. Тек уақыт қажет. Колледж қабырғасында домбырашы мамандығында оқып жатқан студенттер өз маманың кәсіби шебері. Әрі қарай осы өнерді жалғастырып үлкен маман иесі юолып шықса, қазақ өнеріне зор үлесін қоса білсе біз үшін қуаныш. Жалпы, қорыта айтып тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: «Қазақтың ұлттық өнері болған күй құдіреті қазірде бар және де болашақта да өз қасиетін жоғалтпай қала береді»

# КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



***Жумагалиева Шолпан Искандеровна***
***Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы***
***«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ***
***Технология пәні мұғалімі, педагог-модератор***

«Көркем еңбек» сабақтары балалардың шығармашылық жігерін ашуға шеберлік деңгейінің шыңдалуына,әр жұмыста жетістікке жету жолын үйренумен қатар жасауға болады екен ғой деп толықтырады.Бұл сабақтардан шығармашылық жұмысқа кірісе отырып,бұрын керексіз, қалдық нәрселерден әдемілік пен әсемдікті сезінеді және өзі жасап көруге талпынады.Балалар оқу мен тәжірибені ұштастыра отырып, өз ойларын қорыта дамыта түседі. Балалар кез келген бұйымды жасаудан бұрын,оның құрылымы туралы техникалық жоба үлгісімен танысады. Бұндай құжатқа бұйымның сызбалары мен оның технологиялық картасы жатады.Сызба бұйымды жасауға бақылауға қажетті мәліметтерден (өлшемдері,пішіні) тұратын оның сызу құралдарымен орындалған бейнелері сызбаларды дұрыс оқу үшін нәрселерді жазықтыққа бейнелеудің ережелерін және сызбаларды білулері қажет.Сәндік қолданбалы (пирография өнерімен танысу).Пирография ағашты сәндеп-әрлеудің бір түрі.Сурет ағаш бетіне қыздырылған иненің көмегімен түсіріледі. Пирографиямен қобдишалар,ыдыс –аяқ ,киім ілгіштер панно, қаріптер, суреттер сәндеп қол өнер туындыларын сәндейді. Бұл өнердің тарихы жүздеген жылдардан бастап күні бүгінгі күнге дейін өз құнын жоғалтқан жоқ.Пирография грекше отпен сурет салу дегенді білдіреді.

Қазірде бұл өнер күйдіруге арналған гравирлеу күйдіруге арналған аппараттар қолданылады.Көркем еңбек» пәндерінің балаға берер білімі өте көп және күрделі пән ретінде қарауымыз керек. Еңбекке немқұрайлы қарау нағыз білімсіздік. Қазіргі таңда мұғалім ретінде байқайтынымыз,балалардың сабаққа ықыласы төмен.Сонда балада білім болмаса,бір кәсіптік бағытқа бағдар берілмесе,ондай бала ертең қоғамда орнын қалай табады. Жер өңдеу. Құрылыс саласы мамандықтары т.с.с.).Мектепте осы салалар бойынша пән мұғалімдердің біліктілігін арттыратын қысқа мерзімді оқулар бойынша білімін жетілдіріп,шәкірт дайындауға даярлау қажет. Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады.Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі. Көркем еңбек - пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі - қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

# МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ



***Аманова Айнагуль Маликовна***
***Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы***
***«№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ***
***Музыка пәні мұғалімі, педагог-модератор***

Музыкалық үй
Мақсаты: Музыканың түрлерін ажырату қабілетін арттыру.
Көрнекіліктер: Төрт ашпалы терезелердің ішінде музыканың түрлері бейнеленген суреттер.
Шарты: Үйдің суреті және терезелері ашпалы болуы керек. Терезені ашқанда музыканың түрлеріне байланысты би, ән,марш,күй суреттері бар. Балалар музыканы тыңдай отыра, түрін анықтап, арнайы терезені ашса. сол бала жеңімпаз атанады.
Ойынның ұзақтылығы 5-7 минут.
Түлкі мен қаздар
Мақсаты: Кейіпкер роліне еніп,музыкалық дыбыстарды мәнерлеу құралдарын жетілдіру. Көрнекіліктер:Түлкінің, қаздың бет пердесі.
Ойынның шарты: Түлкінің бет пердесін киген бала әндете, музыка әуеніне сай билей қазға келеді. Қаз бейнесіне енген бала, әндете жауап береді. Түлкі қазды қуады. Ұсталған қаз әнмен, тақпақпен айыбын өтейді.
Түлкі: -Қаңк,қаңк қалың қаз, Ұстап жеймін қарным аш!
Қаздар: -Қой,қой түлкі,сұм түлкі,
Балапандар әлі жас!
Шортан
Мақсаты: Музыка әуенімен еркін билеуге баулу.
Көрнекіліктер: Шортан мен кішкентай балықтардың бет пердесі.
Шарты: Шеңбер құрып тұрған балалар — аквариумдағы тастар.Үлкен балық — шортан тастардың арасымен, кішкентай балықтарды қуалайды.Кішкенетай балықтар:бул-бул-бул деп әндететіп қашады. Ұсталған балық тақпақ немесе ән орындайды.
Шар ұшты!
Мақсаты:Шеңбер жасап тұруға үйрету.
Көрнекіліктер:үнтаспа
Шарты: Балалар шенбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді.
«Шар үрлейміз!»-деген бұйрыққа балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып шеңбер құрастырады. «Шар ұшты!»-дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Барабан соғылғанда балалар шардын жарылғаның қолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала ән немесе тақпақ айтып, би билеп айыбын төлейді.
Жоғарғы және төменгі дыбысты тап
Мақсаты:Музыка лық дыбыстардың төмен,жоғарылығын ажыратуға үйрену.
Көрнекіліктер: Суретті карточкалар:үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын т.б.
Шарты:Әрбір карточкамен жеке жұмыс. Ре (төмен дыбысты естігінде карточкадағы сол дөңгелекті жабу.) Ля(жоғарғы дыбыс) жануардың баласын көрсету керек.
Мысық пен тышқан
Мақсаты: Мысық пен тышқандар бейнесін көрсету,әртістік қабілетін арттыру.
Көрнекіліктер: Мысық пен тышқанның бет пердесі.
Шарты: Мысық орындыққа отырып ұйықтап жатады.Тышқандар мысықтың үйіне келіп билеп, асыр салып ойнайды. Мысық ұйқыдан оянғанда, тышқандар қаша жөнеледі.Ұсталған тышқан айыбын әнмен өтейді. Ырғақты қайталау
Мақсаты: Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету.
Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.

Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.

Музыкалық жұмбақ

Мақсаты:Қатты,ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру.

Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.

Шарты: Бір бала сыртқа шығады, екінші бала ойыншықты жасырады. Сырттағы бала кіріп, ойыншықты іздей бастайды. Бала ойыншыққа жақындаса қатты шапалақпен белгі береміз, жасырылған жерлен алыс жүрсе ақырын шапалақтаймыз.

Көжекті ұстаңдар

Мақсаты: Еркін,шығармашылықпен би қабілеттерін жетілдіру.

Көрнекіліктер: Қоянның бет пердесі.

Шарты: Бет перде киген бала музыка әуенімен билейді. Барлық бала қоянның биіне ілесе қайталайды. Көжек биін аяқтап шеңберден қашып шығуы тиіс. Кім көжекті ұстаса, сол биші көжек атанады.

Көңілді оркестр

Мақсаты: Балаларды аспаппен әуенді сүйемелдеуге үйрету.Шығармашылық қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: Түрлі музыкалық аспаптар.

Шарты: Шеңберде тұрған балалар аспаптармен әуенді сүйемелдейді.Ортада әуеннің ұзақтылығын қол қимылымен көрсетіп тұрған дирижер бала болады.Әуеннің ауысымына қарай,балалар маршпен жүреді.Аяқтың ұшымен жүреді. Жеңіл секіре жүреді. Музыка әуені тоқтағанда,аспапты балалар ала қояды. Аспап ала алмаған бала дирижер болады.

Аспапты үнінен тап

Мақсаты: Есту қабілетін дамытып,аспаптарды үнінен ажырату қабілетін арттыру.

Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар,домбыра..т.б.

Шарты: Шымылдықтың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Аспапты үнінен кім тапса,сол жеңімпаз болады.

Әнді тап

Мақсаты: Әуенінен танып әннің атын атау, немесе әнді жалғастыру керек.

Шарты: Әуен фортепианодан ойналады. Әнді әуенінен дұрыс тапқан бала қол көтереді.Әннің атын айтады,немесе әнді шумағымен орындап келеді.

Сылдырмақ пен бубен

Мақсаты:Балалардың тыңдау ынтасын дамыту.

Шарты: Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді. Бубеннің дауысы естілгенде,балалар отыра қалуы керек.

Жоғалған аспап

Мақсаты: Аспаптардың атауын есте сақтауға,түрінен ажыратуға үйрету.

Шарты: Металлафон, сырнай,дауылпаз,үшбұрыш,домбыра,сылдырмақтар…т.б.үстел үстінде тұрады. Балалар көзін жұмады. Осы кезде Бір бала бір аспапты жасырады. Көздерін жұмған балалар көзін ашып,жоғалған аспапты атауы керек.

Сағат

Мақсаты: Әуенді әуенінен танып білуге үйрету. Есту сезімін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Сағат тілі ортасында орналасқан ,шеңбер бойымен әннің мазмұнына сай суреттері бар карточка.

Шарты: Әнді әуенінен дұрыс тапқан бала, арнайы әннің мазмұнына сай суретке апарып қояды.

Әуенді әрле

Мақсаты: Әуенді тыңдай білуге үйрету.Ырғақтылық сезімін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Музыкалық аспаптар.

Шарты: Балаларға таныс ән немесе вокалды әуен қойылады.Бала әуенді тыңдай отырып мінезін суреттеуі тиіс.Тыңдалатын ән жыл әр –түрлі тақырыпта болуы мүмкін.

Қайтала

Мақсаты:Есту қабілетін, ынтасын тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Музыкалық аспаптар.

Шарты: Ырғақты жетекші шапалақпен ,немесе аспаппен соғады.Бала сол ырғақты қайталауы керек. Ырғақ әр-түрлі болуы мүмкін.

Музыкалық лото

Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың жоғары,төменділігін ажырату.

Көрнекіліктер: Нота жолы, түрлі-түсті нота дөңгелекшелері, металлафон.
Шарты: Бір бала металлафонда дыбыстарды соғады. Ал, балалар нота жолына естіген дыбыстар жуан болса, төменгі жолға,жіңішке дыбысты естісе, жоғарғы сызыққа қояды.
Бізге келген қонақтар
Мақсаты: Кейіпкердің мінезіне сай,әуенді ажырата білуге үйрету.
Көрнекіліктер: Аңның, құстың,қоянның бет пердесі.
Шарты: Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,аңның немесе құстың бет пердесін киеді.Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады.Аю келсе- жуан дыбыстар, қоян келсе-секіртпелі дыбыстар,торғай келсе-жіңішке дыбыстарды соғу керек.
Ойыншықтың әуенін тап
Мақсаты: Кейіпкердің бейнелі әуенінен тану. Есту сезіміндамыту.
Шарты: Баланың алдына бірнеше ойыншықтар қойылады. Музыка әуенін тыңдау немесе фортепианодан тыңдау. Әннің мінезіне қарай,бала ойыншықты таңдап алады да,бала неліктен осы ойыншықты алғанын айтып беруі керек.
Құстың даусын тап
Мақсаты: Музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстарды ажырату, есту сезімін тәрбилеу. Көрнекіліктер:үлкен,кіші құстардың суреті.
Шарты:Құстардың суреті балаларға үлестіріліп беріледі. Ку-ку деп құстар сияқты әндетеміз.Үлкен құстар-жуан әндетеді,кішкентай құстар -жіңішке дыбыста әндетеді.
Бірінші дыбыс, соңғы дыбыс
Мақсаты: Есту қабілетін дамытып,дыбыстың дұрыс айтылуына көмектеседі.
Шарты: 1-бала ду-у-у соза әндетеді,екінші бала қай дыбыстың созылғанын айтып беруі тиіс. Біз қайда бардық, не көрдік?
Мақсаты: Буындап әндету ерекшеліктеріне үйрету.
Шарты: Жетекші әнмен сұрақ қояды.Балалар әндете жауап береді. -Біз орманға бардық , не көрдік ? - Аю,қоян,түлкі,қасқыр .. т.б. -Біз циркке бардық , не көрдік?
Көңілді музыканттар
Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру.
Шарты:Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау ,ойнау ерекшелігін көрсету керек. Домбыраны қолға алып, Ән айтамыз толғанып. Дан-диги-дан. Қобыз аспап киелі, Оны бәрі сүйеді. Пара-ри,пара-ри. Сыбызғыны үрлейміз, Жалқаулықты білмейміз. Ду-ду-ду. Трам-та соқса барабан, Қызыға жұрт қараған. Трам-та-та. Мысықай анасын қалай тауып алды?
Мақсаты: Әртістік,шығармашылық қабілеттерін дамыту. Эмоционалдық мінезін тәрбиелеу.
Шарты: Мысықай анасынан адасып қалады. Мысықай анасын іздеп жолға шығады.Келе жатып,әтешті көреді. -Сен менің анамсың ба? Деп сұрайды. Әтеш: -Ку-ка-ре-ку. Мен сенің анаң емеспін, дейді. Мысықай ешкіге келеді. -Сен менің анамсың ба? Деп сұрайды. Ешкі: — Ме-ме-ме. Мен сенің анаң емеспін, дейді. Мысықай сиырға келеді. -Сен менің анамсың ба? Деп сұрайды. Сиыр: -Мө-мө-мө. Мен сенің анаң емеспін, дейдІ. Мысықай анасын таба алмай, мұңайып келе жатқанда, -Мияу-мияу…деген дауысты естіді. Мысықай қуанып,міне менің анам депанасын құшақтады.
Жіп орау
Мақсаты: Шапшаңдылыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету.
Көрнекіліктер:Түрлі түсті жіптер.
Шарты: 2 топтан 2-бала шығады.Түрлі-түсті тарқатылған жіпті көңілді әуенмен орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланыңжібі көп оралса,сол бала жеңімпаз атанады. Ырғақты дәл қайтала! Ойынның мақсаты:Музыкалық аспапты тыңдауға ынтасын тәрбиелеу.
Ойын құралдары:аспаптар
Ойынның шарты:Бір бала шымылдықтың артында тұрып,аспаппен ырғақты соғады.Ал екінші бала ырғақты қайталайды.Ырғақты дұрыс қайталаған бала жеңімпаз атанады.
Ән салған кім?
Мақсаты: Ән салған баланы даусынан тану қабілетін байқау,есту қабілетін дамыту.
Көрнекіліктер: аспаптар
Шарты: Бір бала шымылдықтың артында тұрады,ал екінші бала ән орындайды. Шымылдықтың артындағы бала ән салған баланы даусынан танып,есімін атап беруі керек.
Аспаптарды топтастыру
Мақсаты: Аспаптарды тани,топтастыра білуге үйрету.

Көрнекіліктер:ойыншықтар,аспаптар соқпалы, үрлемелі,шертпелі.
Шарты: Ойыншықтар мен аспаптар үстел үстіне қойылады.Балалар үш топқа бөлінеді де, аспаптарды топтастырып қоюы керек.

Қақпан

Мақсаты: Байқампаздылыққа,ептілікке баулу.
Көрнекіліктер: 3-4 аңдардың бет пердесі.
Шарты: Балалар шеңбермен қол ұстаса «Қақпан» болып,музвка әуенімен жүреді. Ал аңдар осы шеңбер бойымен ішіне кіріп, сыртына шығып еркін билеп жүреді.Музыка аяқталғанда шеңбер жасап тұрған балалар отыра қалады. Шеңбер ішінде қалған бала айыбын ән орындап өтеуі тиіс.

Досыңа бер

Мақсаты: Достыққа,шапшаңдылыққа баулу.
Көрнекіліктер: аспап,сылдырмақ.
Шарты: Шеңберде тұрған балалар шеңбер бойымен бір-біріне сылдырмақты береді.Музыка әуені тоқтағанда сылдырмақ қай баланың қолында қалса,сол бала ойыннан шығады.

Жемістер мен көкөністер

Мақсаты: Жемістерді көкөністерден ажыратуға үйрету.Музыка ауысымын сезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету.
Көрнекіліктер: Жемістер мен көкөністердің бет пердесі.
Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.

Жаңа–жылдық әзіл ойын

Мақсаты:Шапшаңдылыққа,байқампаздыққа тәрбиелеу. Шығармашылық қабілетін арттырады.
Шарты: Шеңберде тұрған балалар Аяз атаға әнді орындай отырып, дене мүшелерін көрсетеді.Соңында Аяз ата: –Мені мазақ етесіңдер ме деп балаларды ұстап алады. Ұсталған бала өз өнерін көрсетеді.

1.Біздің Аяз атаның, Аппақ екен шапаны. Ха-ха-ха,хи-хи-хи. Аппақ екен шапаны.
2.Біздің Аяз атаның, Ұзын екен сақалы. Ха-ха-ха,хи-хи-хи. Ұзын екен сақалы.
3.Біздің Аяз атаның Қызыл екен мұрыны. Ха-ха-ха,хи-хи-хи. Қызыл екен мұрыны.